




Абӯали Сино - Avicenna



Сабақтың тақырыбы:

Неліктен ҮІІ-ХІІ ғғ. ислам мәдениетінің «алтын ғасыры» деп атайды?

- Тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндерің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау
- Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау
- Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын түсіндіру
- қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау



Бағалау критерийлері:

- Ислам мәдениетінің өрлеу кезеңіндегі күнделікті өмірдегі өзгерістер мен жетістіктерді атап бере алады;
- Архитектура, философия, ғылым саласындағы жетістіктері атай алады;
- Ең негізгі және маңызды жетістіктерді атап бере алады

Жаңа терминдермен жұмыс:

- **Молда** молла (араб.: المَلّا /әл-мулла/ – мырза, әмірші, парс. мелла, молдо – ұстаз, діни ғұлама) – шариғат білгірі, діни рәсімдерді атқарушы, ұстаз.
- **Әлхámра** (исп. Alhambra, араб. الحمراء әл-хамра — «қызыл») — оңтүстік Испанияның Гранада қаласының шығыс бөлігінде қыратты террасада орналасқан сарай әрі қорған болып келетін сәулеттік ансамбль. 14 ғ-да салынған мұсылман сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Негізгі даму кезеңі Нәсрид әулетінің (1230-1492) билігіне сәйкес келеді, Гранада Пиреней түбегіндегі Гранада әмірлігі астанасы болып, ал Әлхамра - олардың резиденциясы болған (сақталған сарайлар XIV ғасырға жатады). Мұнаралары бар қорғаныс қабырғаларымен қоршалған бұл орасан зор кешен құрылымында мешіт, үйлер, ванналар, балабақша, қоймалар, зират енгізілген. Қазіргі уақытта ол ислам сәулет мұражайы болып табылады.
- **Обсерватория** (лат. observatio – бақылаушы) – астрономиялық, физикалық, метеорологиялық, т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғылыми мекеме.
- **Минарет** — мешіттің мұсылмандарға мінәжат етуге арналған биік күмбезі. Одан мұсылмандарға азан шақырады.
- **Медресе** — (араб.: مدرسة, медреса - оқу) - орта (сирек жағдайда жоғары) конфессионалдық мұсылмандық мектеп.
- **Арабески** — араб жазуы өсімдік орнаментпен (ою-өрнекпен) әшекейленген.
- **Каллиграфия** — (грек. kalligraphia – көркем жазу) – көркем әрі анық жазу өнері.

Зерттеу (топтық жұмыс)

«Вклад исламской цивилизации» - (Ислам өркениетінің аманаты) атты бейнероликті көре отыра ислам мәдениетінің алтын ғасырына зерттеу жүргізу және дәптерге төмендегі берілген сұрақтарға жауап беру:

- - ғылым, философия мен архитектура салаларында қандай жетістіктерге қол жеткізді?
- - ислам мәдениетіндегі гүлдену дәурінде күнделікті өмірде қандай өзгерістер болды?
- - соның ішіндегі ең маңызды жетістіктер қайсы болды?

Дескрипторлар:

- *Адам тазалығы - гигиеналық нормалары және техникалық жаңалықтарды ашу, медицина, математика салаларындағы ашуларды атап бере алады.*



Синтез (топтық жұмыс)



- Топтағы оқушылар «1001 изобретение мусульман и библиотека тайн» - («кітапхана құпиясы және 1001 мүсілман ашулары») атты бейнероликті көрген кезде ватманды қаламмен үшке бөлікке бөледі де, біріншісіне « алтын ғасыр» дәуіріндегі 2-3 ғылыми ашуларды сурет арқылы салып көрсетеді, екінші бөлігінде олардың қазіргі кездегі маңызын салып көрсету қажет, ал үшінші бөлікке олардың болашақта перспективалық одан әрі қарай дамуын салып көрсету керек.

Осы жұмысты орындауға қажет дескрипторлар:

- *Араб ғалымның планерды ойлап тапқанын біліп, қазіргі кезде оның ұшаққа айналғанын, ал болашақта пасажирлік ракетаға айналғанын салып ол туралы салған постерлерін қорғай алады*
- *Араб сандары туралы біліп, алгебра және жоғары математика туралы айта алады .*

Рефлексия:

«Үш С». Оқушылар сабақ барысында ең жақсы болған **үш сәтін** және олардың келесі сабақта жұмыстарын жақсартатын бір іс-әрекетті атап береді.





Үй тапсырмасы:

**теориялық материалдарды қайталау және
тақырыпты конспект ретінде таратпа
материалдардан жазып келу**